

Жамбыл облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 372 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 ақпанда № 2521 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 143-ө өкіміне сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттары бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б. Орынбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	К. Көкрекбаев
	Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы

Жамбыл облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Жамбыл облысының автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттары "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Жіктеу тәртібі және шарттары

2. Жалпы пайдаланымдағы облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін жіктеу жолдың көрсетілген түрлеріне талаптарды ескере отырып, ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік уәкілетті органға жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізуді келісуге материалдар жіберуге міндетті.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдағанын растайтын құжаттарды, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

Мемлекеттік уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды. Автомобиль жолын кейіннен жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқару органына жазбаша келісім жіберіледі.

Автомобиль жолын жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда мемлекеттік уәкілетті орган барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері

4. Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атаулары және индекстері болуы тиіс.

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының атауына елді мекендердің бастапқы және соңғы, қажет болғанда аралық мекендердің атаулары кіреді.

Автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Автомобиль жолдарының индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін дефис арқылы беріледі.

5. Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі "К"-мен белгіленеді.

Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді: бұл жағдайда Жамбыл облысы "Н" әрпімен белгіленеді.

"КН" әрпінен кейін индекстің келесі әрпін меншіктеу кестесі

р/с №	Жамбыл облысы аудандарының атаулары	Индекстегі әріптің атауы
1	Сарысу	SR
2	Т.Рысқұлов	RS
3	Меркі	MK
4	Қордай	KR
5	Шу	SH
6	Мойынқұм	MO
7	Жуалы	GU
8	Байзақ	BZ
9	Жамбыл	GB
10	Талас	TL

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекстің бірінші әрпінен кейін әріптер әліпбилік тәртіппен меншіктеледі.